

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасында трансферттік баға белгілеуді бақылау жөнінде ақпарат алмасу туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 наурыздағы N 259 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасында трансферттік баға белгілеуді бақылау жөнінде ақпарат алмасу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Арман Ғалиасқарұлы Дунаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасында трансферттік баға белгілеуді бақылау жөнінде ақпарат алмасу туралы хаттама жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасында трансферттік баға белгілеуді бақылау жөнінде ақпарат алмасу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

2002 жылғы 25 қаңтардағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасында ақпарат алмасу туралы келісімнің 5 - б а б ы н а с ә й к е с ,

1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шарттың және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қауымдастығын құру туралы шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) әкелу мен әкетуді, Еуразиялық

экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ-қа) мүше мемлекеттердің мемлекеттік бюджеттеріне салықтардың, баждардың және өзге де төлемдердің уақтылы және толық түсуін бақылауды күшейтудегі өзара мүдделілікті негізге ала отырып,

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумағында трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру қажеттілігін мойындай отырып,

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерімен жасалатын халықаралық мәмілелер бойынша, сондай-ақ ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтары ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасында ақпарат алмасудың транзиттік дәлізі ретінде пайдаланылатын мәмілелер бойынша салықтық және кедендік бақылауды жетілдіру қажеттілігін ұғына

о т ы р ы п ,

осы мақсатпен бір-біріне жәрдем етуді қалай отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

"нарықтық (еркін) баға" - тауардың (жұмыстардың, қызметтердің) нарықтық (еркін) бағасы деп салыстырмалы экономикалық (коммерциялық) жағдайларда ұлттық рыноктағы бірдей (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) сұраныс пен ұсыныстың өзара іс-қимылы кезінде қалыптасқан бағасы т а н ы л а д ы ;

"бірдей тауарлар" - өздеріне тән негізгі белгілері, соның ішінде физикалық сипаттамалары, сапасы мен рыноктағы өтімі, шығарылған елі, өндірушісі сияқты бірдей белгілері бар тауарлар (жұмыстар, қызметтер). Тауарлардың бірдейлігін анықтаған кезде олардың сыртқы түріндегі елеусіз айырмашылықтарды ескермеуге б о л а д ы ;

"біртекті тауарлар" - бірдей болмаса да, бір-біріне ұқсас сипаттамалары бар және оларға дәл сондай функцияларды атқаруға және бірін-бірі коммерциялық алмастыруға мүмкіндік беретін ұқсас компоненттерден тұратын тауарлар (жұмыстар, қызметтер). Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) біртектілігін анықтау кезінде, атап айтқанда, олардың сапасы, тауар таңбасының болуы, рыноктағы өтімі, шығарылған елі е с к е р і л е д і ;

"трансферттік баға" - тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) халықаралық мәмілелер жасасу кезінде объективті түрде қалыптасатын нарықтық бағасынан өзгеше б а ғ а ;

"құзыретті органдар" - ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің салық және кеден о р г а н д а р ы ;

"трансферттік баға белгілеуді бақылау" - ұлттық заңнамаға сәйкес салық базасын

одан әрі түзету мақсатында халықаралық мәмілелер кезінде тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) трансферттік бағаларды қолдану фактісін анықтау үшін құзыретті органдар жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау.

2-бап

1. ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кеден органдары өзінің құзыреті шегінде: мемлекеттің аумағына әкелінетін және оларды осы аумақтан әкету туралы міндеттемесінсіз осы аумақта тұрақты қалатын; оларды осы аумаққа әкелу міндеттемесінсіз мемлекет аумағынан тысқары жерлерге әкелілетін;

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтары бойынша транзитпен тасымалданатын; қайта өңдеу үшін мемлекеттің аумағына әкелінетін және осы аумақтан тысқары жерлерге әкелілетін тауарлар бойынша қажетті ақпаратты өз мемлекеттерінің салық органдарына береді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпарат осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес беріледі.

3-бап

1. ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің салық органдары өз құзыретінің шегінде трансферттік баға белгілеуді бақылау мақсатында:

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтарындағы тұтынушыларға дейін тауарларды жеткізуге байланысты шығыстар (көлік шығыстары, сақтандыру, экспортқа шығарар алдында кредит беру және т.б.);

тиелген тауарларды жеткізу мерзімдері мен шарттары; тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін ақы төлеу мерзімдері мен шарттары; жеткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) сапасы;

қайта өңдеу өнімдеріне баға белгілеу;

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің рыноктарында тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) қалыптасқан нарықтық бағалар;

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтарында тауарларды тасымалдау, сақтау және қайта өңдеу тарифтері;

трансферттік баға белгілеуді бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті басқа да мәлімет жөнінде ақпарат алмасады.

2. Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жөніндегі ақпараттың құрамын ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің сұрау салушы салық органы айқындайды.

3. ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің салық органдары арасында ақпарат алмасу белгіленген тәртіппен куәландырылған жазбаша (қағаз тасығышта) немесе

электрондық түрде жүзеге асырылады.

4. ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің салық органдары осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпаратты өз мемлекеттерінің кеден органдарына олардың сұрау салулары бойынша береді.

4-бап

Осы Хаттаманың 2-бабы мен 3-бабында көрсетілген ақпарат ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің салық органы сұрау салуды алған күнінен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей беріледі.

5-бап

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің құзыретті органдары алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес оны қорғау режимін қамтамасыз етеді.

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің құзыретті органдары ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге жол бермейді.

6-бап

Осы Хаттамаға Тараптардың өзара келісуі бойынша Тараптар қосымша хаттамалармен ресімдейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

8-бап

Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитеті осы Хаттаманың депозитарийі болып табылады.

9-бап

Осы Хаттама оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарлама депозитарийге сақтауға тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қажетті мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Хаттама тиісті жазбаша хабарлама депозитарийге тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

Әрбір Тарап осы Хаттамадан шығу көзделген күніне дейін кемінде 6 ай бұрын осы туралы депозитарийге жазбаша хабарламаны жіберіп шыға алады.

2005 жылғы "___" _____ каласында орыс тілінде бір данада жасалды.

Түпнұсқа данасы осы Хаттамаға қол қойған әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетінде сақталады.

<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Ресей</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Тәжікстан</i>	<i>Республикасының</i>

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің
салық және кеден органдары
арасында трансферттік баға
белгілеуді бақылау жөнінде
ақпарат алмасу туралы хаттамаға

қосымша

Ақпаратты берудің үлгі нысаны

N реттік нөмірі	Тауар қозғалысының бағыты	Кеден режимінің коды	Кеден режимінің атауы	ЖКД нөмірі	Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды	ЖКД-дан тауардың атауы және сипаттамасы	Келісім-шарт (шарт) нөмірі	Келісім-шарт (шарт) күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Келісім-шартқа қосымша (толықтыру) нөмірі	Келісім-шартқа қосымша (толықтыру) күні	Шот-фактураның (проформа-шоттың) нөмірі	Шот-фактураның (проформа-шоттың) күні	Жіберетін елдің коды	Жіберетін елдің атауы	Жіберуші салық төлеушінің нөмірі	Жіберушінің атауы	Жіберушінің мекенжайы
10	11	12	13	14	15	16	17	18

Қар- жылық рет- теу үшін жау- апты салық тө- леуші тұл- ғаның нө- мірі	Қар- жылық рет- теу үшін жау- апты тұлға	Қаржы- лық реттеу үшін жауапты тұлға- ның мекен- жайы	Ба- ратын елдің коды	Бара- тын елі	Алушы салық төлеу- шінің нөмірі	Алушы- ның атауы	Алушы- ның мекен- жайы	Жеткі- зу шарт- тары
19	20	21	22	23	24	25	26	27
Жібе- ру ке- зін- дегі көлік түрі- нің коды	Жіберу кезін- дегі көлік түрі- нің атауы	Қосымша өлшем бірлі- гінің коды	Қо- сымша өлшем бір- лігі- нің атауы	Тау- ар- лар- дың қо- сымша өлшем бір- лі- гін- дегі саны	Таза салма- ғы (кг)	Тауар- дың факту- ралық құны	Келі- сім- шарт валю- тасы- ның атауы	Келі- сім- шарт валю- тасы- ның коды
28	29	30	31	32	33	34	35	36
Валю- та баға- мы	Ста- тис- тика- лық құны (АҚШ долл.)							
37	38							